

«SwF» МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАМАҒАН ЖАҒДАЙДА ЖЕКЕ ТҮЛҒА БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТҰТЫНУШЫНЫҢ (ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ) ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	ИНФОРМАЦИЯ О ПРАВАХ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «МИКРОФИНАНСОВАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ «SwF» И ОБ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ПОТРЕБИТЕЛЯ ФИНАНСОВЫХ УСЛУГ (ЗАЕМЩИКА) ФИЗИЧЕСКОГО ЛИЦА В СЛУЧАЕ НЕВЫПОЛНЕНИЯ ОБЯЗАТЕЛЬСТВ ПО ДОГОВОРУ О ПРЕДОСТАВЛЕНИИ МИКРОКРЕДИТА
1. Қаржылық қызметтерді тұтынушы (қарыз алушы) (бұдан әрі – Қарыз алушы) микрокредит беру туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, «SwF» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – МҚҰ) келесі құқықтарға ие: 1.1. МҚҰ-ның уәкілетті органы бекіткен микрокредиттер беру қағидаларында көзделген, Шарт жасасу және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді Қарыз алушыдан сұратуға, сондай-ақ ол ұсынған кез келген ақпараттың дұрыстығын тексеруге; 1.2. Шарт талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге. Осы тармақтың мақсаттары үшін Қарыз алушы үшін Шарт талаптарын жақсарту деп мыналар түсініледі: 1) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту немесе толық алып тастау; 2) микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету; 3) микрокредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру, оның ішінде мерзімді әскери қызмет өткеру кезеңін және ол аяқталғаннан кейінгі алпыс күнтізбелік күнді қамтитын мерзімге, және (немесе) бөліп төлеуді ұсыну; 4) микрокредит беру туралы шартта Қарыз алушы үшін жағдайды жақсартатын қосымша талаптардың өзге де тізбесі көзделуі мүмкін. 1.3. Қарыз алушының қосымша келісімін алмай-ақ, құқықтарды (талаптарды) беру (цессия) шартын жасасу арқылы Шарт бойынша талап ету құқығын үшінші тұлғаға беруге; 1.4. Қазақстан Республикасының өндіріп алу сәтінде қолданыста болатын заңнамасында көзделген тәсілдермен берешекті мәжбүрлеп өндіріп алуға; 1.5. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды мерзімінен кешіктірген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық қажетті ақпарат пен құжаттарды ұсына отырып, коллекторлық агенттікпен сотқа дейінгі және/немесе сот тәртібімен берешекті өндіріп алу туралы шарт жасасу арқылы коллекторлық агенттікті тартуға; 1.6. Қарыз алушының микрокредитті қайтару мерзімін бұзғаны туралы ақпаратты МҚҰ-мен тиісті шарттар жасасқан кредиттік бюроларға беруге;	1. В случае невыполнения обязательств по договору о предоставлении микрокредита (далее – Договор) потребителем финансовых услуг (заемщиком) (далее – Заемщик) Товарищество с ограниченной ответственностью «Микрофинансовая организация «SwF» (далее – МФО), вправе: 1.1. Запрашивать у Заемщика документы и сведения, проверять любую сообщаемую им информацию, которые необходимы для заключения Договора и исполнения обязательств по нему, определенных правилами предоставления микрокредитов, утвержденных уполномоченным органом МФО; 1.2. Изменять условия Договора в одностороннем порядке в сторону их улучшения для Заемщика. Под улучшением условий Договора для Заемщика для целей настоящего пункта понимаются: 1) изменение в сторону уменьшения или полная отмена неустойки (штрафа, пеней); 2) изменение в сторону уменьшения ставки вознаграждения по договору о предоставлении микрокредита; 3) отсрочка, в том числе на период, включающий срок прохождения срочной военной службы и шестьдесят календарных дней после его окончания, и (или) рассрочка платежей по микрокредиту; 4) В договоре о предоставлении микрокредита может быть предусмотрен дополнительный перечень улучшающих условий для заемщика. 1.3. Уступить право (требования) по Договору третьему лицу, путем заключения договора уступки прав (цессии) без получения дополнительного согласия Заемщика; 1.4. Взыскать принудительно задолженность способами, предусмотренными действующим на момент взыскания законодательством Республики Казахстан; 1.5. Привлекать коллекторское агентство при допущении Заемщиком просрочки исполнения обязательств по Договору путем заключения договора с коллекторским агентством о взыскании задолженности с Заемщика в досудебном и/или судебном порядке, с предоставлением ему всей необходимой информации и документов в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан; 1.6. Передать информацию о нарушении Заемщиком срока возврата Микрокредита в кредитные бюро, с которыми у МФО заключены соответствующие договоры;

1.7. Қарыз алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде Қарыз алушыдан Шарт бойынша берешекті және тиесілі сыйақымен бірге микрокредит сомасын қайтаруды, тұрақсыздық айыбын төлеуді мәжбүрлеп өндіріп алу туралы сотқа және өзге де органдарға жүгінуге, мемлекеттік бажды, сот және өзге де шығыстарды Қарыз алушының есебіне жатқызуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Қарыз алушының кез келген мүлкіне өндіріп алуды қолдану жолымен және Қарыз алушының Шарт бойынша берешегін өндіріп алуға байланысты МҚҰ шеккен өзге де шығыстарды өтеуді талап етуге; 1.8. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан бұзылған немесе шектелген өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін кез келген өзге де әрекеттер жасауға. 2. Қаржылық қызметтерді тұтынушы (қарыз алушы) микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда келесі жауапкершілік пен құқықтық салдарлар туындауы мүмкін: 2.1. Негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешектің пайда болуы; 2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) есептелуі; 2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес мерзімі өткен берешектің болуы туралы ақпараттың кредиттік бюроларға берілуі; 2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шарт талаптарында көзделген берешекті сотқа дейінгі реттеу шараларының қолданылуы; 2.5. Қаржылық қызметтерді тұтынушы (қарыз алушы) микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақыны төлеу үшін белгіленген мерзімді қырық күнтізбелік күннен астам уақытқа бұзған жағдайда, МҚҰ тарапынан микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтару туралы талаптың туындауы; 2.6. Атқарушылық жазба негізінде немесе сот тәртібімен берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу, оның ішінде негізгі борышты, сыйақыны, тұрақсыздық айыбын, сот шығыстарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіріп алынуға жататын өзге де сомаларды өндіріп алу. МҚҰ-ның талабы бойынша Қарыз алушы осыған байланысты барлық залалдарды, оның ішінде әкімшілік және сот шығыстарын, сондай-ақ сотқа дейінгі өндіріп алуға байланысты шығыстарды қоса алғанда, МҚҰ-ның және/немесе үшінші тұлғаның	1.7. В случае неисполнения или ненадлежащего исполнения Заемщиком своих обязательств по Договору, применить меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, в том числе обратиться в судебные и иные органы с заявлением о принудительном взыскании с Заемщика задолженности по Договору и возврату суммы микрокредита вместе с причитающимся вознаграждением, уплате неустойки, с отнесением государственной пошлины, судебных и иных расходов на счет Заемщика, в том числе путем обращения взыскания на любое имущество Заемщика в порядке, установленном действующим законодательством Республики Казахстан, а также требовать оплаты иных расходов, понесенных МФО в связи с взысканием суммы задолженности Заемщика по Договору; 1.8. Совершать любые иные действия, не противоречащие действующему законодательству Республики Казахстан, для защиты собственных прав и интересов, ущемленных или нарушенных вследствие неисполнения или ненадлежащего исполнения Заемщиком обязательств по Договору. 2. При нарушении потребителем финансовых услуг (заемщиком) обязательств по договору о предоставлении микрокредита может наступить ответственность и возникнуть и правовые последствия: 2.1. Возникновение просроченной задолженности по основному долгу и (или) начисленному вознаграждению; 2.2. Начисление неустойки (штрафа, пени) в порядке и размерах, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и Договором; 2.3. Передача информации о наличии просроченной задолженности в кредитные бюро в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан; 2.4. Применение мер по досудебному урегулированию задолженности, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и условиями Договора; 2.5. Возникновение требования со стороны МФО о досрочном возврате суммы микрокредита и вознаграждения по нему при нарушении потребителем финансовых услуг (заемщиком) срока, установленного для возврата очередной части микрокредита и (или) выплаты вознаграждения, более чем на сорок календарных дней; 2.6. Принудительное взыскание задолженности на основании исполнительной надписи, или в судебном порядке, включая взыскание основного долга, вознаграждения, неустойки, судебных расходов и иных сумм, подлежащих взысканию в соответствии с законодательством Республики Казахстан. По требованию МФО Заемщик оплачивает все связанные с этим убытки в виде расходов и затрат МФО/третьего лица, включая без ограничения административные, судебные расходы, а также расходы, связанные с досудебным взысканием;
---	---

барлық шығыстары мен шығындарын өтейді; 2.7. Шарт бойынша талап ету құқығын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай талаптарды сатып алуға құқығы бар тұлғаларға беру; 2.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шарт талаптарында көзделген өзге де жауапкершілік пен құқықтық салдарлардың туындауы.	2.7. Уступка права (требования) по Договору лицам, имеющим право на приобретение таких требований в соответствии с законодательством Республики Казахстан; 2.8. Иная ответственность и правовые последствия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и условиями Договора.
---	---